



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 22 мамыр*

### **Қазақстан Ұлттық Банкі Қаржылық тұрақтылық жөніндегі 2015-2017 жылдардағы есепті ұсынды**

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржылық тұрақтылық жөніндегі 2015-2017 жылдардағы есепті ұсынды. Есеп қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мандат шеңберінде дайындалды.

Алпыстан астам елдің қаржылық реттеушілері мен орталық банктері қаржылық тұрақтылық жөніндегі есептерін жариялады. Алғашқы есептер ғасырлар тоғысында пайда болды. Оларда банк және төлем жүйелерінің жай-күйі туралы ақпарат ашылады, олар қаржы жүйелерінің құрылымы, оларды дамыту үрдістері, олардың орнықтылығы туралы ақпаратты аша түседі. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында өткен Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы жөніндегі 2015-2017 жылдардағы есепті таныстыруда Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол талдаушылар, нарыққа қатысушылар мен академиялық зерттеушілер үшін Есеп банк жүйесінің даму тарихы ұғымында пайдалы құралға айналуы мүмкін екендігін атап өтті. Реттеушілер үшін Есеп күллі көпшіліктің өз қауіптерін түсіндіруге және өз әрекеттерін ынталандыруға арналған платформа болып табылады.

«Қазақстанда осындай бірінші есеп 2006 жылғы желтоқсанда жарияланды. Сол кезде қаржылық тұрақтылық жөніндегі бөлімше құрылды, ол кейіннен қаржылық тұрақтылық департаментіне айналды. Содан бері Ұлттық Банк Қаржылық тұрақтылық жөніндегі есепті жыл сайын жариялап отырды. Соңғы рет біз Қаржылық тұрақтылық жөніндегі есепті 2016 жылғы наурызда жарияладық. Ол 2014 жылғы оқиғаларды қамтыды», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы қаржылық тұрақтылық жөніндегі есеп тәуекелдерді уақтылы анықтауға, олардың алдын алуға, олардың себептерін талдауға, олардың салдарын барынша азайтуға арналғандығын айтып берді. «Бұл бос сөзге бой алдырмайтын міндет, бірақ біз оны қаншалықты дұрыс шеше алсақ, қаржылық дағдарыс шығындарын соншалықты қысқарта аламыз, экономикалық өсу әлеуеті мен сапасы, миллионға жуық азаматтардың өмір сүру деңгейі де соған байланысты болмақ. Іс жүзінде кез келген қаржы жүйесі көптеген тәуекелдерді басынан кешіреді. Олардың кейбіреулері айтарлықтай, тіпті шамадан тыс болса, басқалары мардымсыз болып келеді. Кейбір тәуекелдермен жұмыс істеуге бойымыз үйренді. Кейбір тәуекелдермен біз әлі таныс емеспіз, олармен қалай жұмыс істеуді, қалай өлшеуді әлі де болса білмейді екенбіз. Кейбір тәуекелдердің бар екендігін болжап отырғанмен, оларға әлі ат та ойластырмадық», - деді Д. Ақышев.

Қорыта келе ол барлық аталған тәуекелдерді сипаттап, бір есепте қамту мүмкін емес екендігін атап өтті. Егер есепте маңызды емес тәуекелдер өте көп қамтылса, ол өз мәресіне жетпейді. Жалған қауіп-қатер ресурстарды барынша елеулі проблемаларды шешуден шеттетеді. Есеп өз мақсатына жетуі үшін оны даярлау кезінде басымдықтарды

айқындап алған жөн. Осы тұста, сол сияқты жалпы қадағалауда көп мәселелер реттеушінің пайымдауы мен болжауына байланысты болмақ.

### **Данияр Ақышев – Макроэкономикалық саясат сыртқы күйзелістерге қатысты барынша икемді және орнықты болды**

Есепте өткен үш жылда орын алған тәуекелдер талданды және бүгінгі күні жүйе үшін барынша маңызды тәуекелдер анықталды. Осындай талдау келешекте тәуекелдерді төмендету және мұндай шығындарды болдырмау үшін қажет. Бұл жөнінде бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында бүгін өткен Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы 2015-2017 жылдардағы есебін таныстыруда айтып берді.

«Бұл есепте қаржылық тұрақтылыққа арналған кейбір тәсілдерімізді қайта қараймыз. Ол макроэкономикалық саясатқа, сол сияқты қаржылық реттеу саясатына да тең көлемде жатады», - деді Д. Ақышев.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкі экономикалық саясатта, қаржылық дамуда, қадағалау мен реттеу тетіктерінде өзінің рөлін жүйелі түрде қайта қарау қажеттілігі туындаған жалғыз орталық банк емес деп атап өтті. Жаһандық қаржылық дағдарыстан кейін орталық банктерде ғана емес, қаржылық қызметтің бірнеше салаларында парадигма біртіндеп ауысты.

«Жаһандық дағдарыстан кейінгі сегіз жылдан кейін қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі халықаралық ұйымдар қаржы құралдарын бағалау тәсілдерін өзгертті. Күтілетін шығындарды бағалаудың реттеуіш әдістері қаржылық есептілік стандарттарына жақын келді. Тәуелсіз аудиторлар институтының олигополизациясымен байланысты тәуекелдер барынша көрініп тұр, бірақ тиесілі тиімді шешім әлі де табылмады», - деді Д. Ақышев.

Ол күн тәртібімен қоса қаржылық тұрақтылық туралы есеп бойынша озық практика да өзгерді деді. Олар ел ерекшелігіне, тәуекелдер ерекшелігіне аса назар аудары бастады, есептер барынша жинақы болды. Басқа елдерде есептердің дамуы оларды жиі жария ету және қаржылық тұрақтылық бойынша қосымша жарияланымдарды жасау жолы бойынша жүрді.

«Реттеушінің тиімді әрекеттері қаржы жүйесінің проблемаларын толық түсіну кезінде ғана мүмкін. Қазақстанда бұл міндет кредиттік тәуекелдерді және банк активтерінің сапасын бағалаудың қалыпты әдістері ақпараттық және пайдалы болмағандығымен күрделі болды. Мұндай жағдайда талдауда тәуекелдер орын алған жерлерде реттелетін қаржы ұйымдарын ғана емес, есептілік пен реттеу жүйесін қоса алғанда, қаржы жүйесінің басқа да бөліктерін қамту орынды болады. Біз пруденциялық құралдарды ғана емес, банктің жай-күйі туралы есептілікті жасау қағидаттарын да қайта қарадық», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Ол макроэкономикалық саясат сыртқы күйзелістерге қатысты барынша икемді әрі орнықты болды деп толықтырды. Қазақстан үшін белгіленген айырбастау бағамымен байланысты тәуекелдер банк жүйесі мен бүкіл экономика үшін маңызды тәуекелдердің бірі болды.

Д.Ақышев 2015 жылы өзгермелі айырбастау бағамына өтудің экономиканың сыртқы күйзелістерге осалдығын төмендеткенін, макроэкономикалық саясаттың икемділігін арттырғанын, теңгеге сенімді қалпына келтіргенін, долларландыруды төмендеткенін, пайыздық мөлшерлемелерді басқару үшін және инфляциялық таргеттеу үшін мүмкіндіктерді ашқанын атап өтті. Есеп икемді айырбастау бағамының объективті

қажеттілігін және белгіленген бағамға байланысты қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін көрсетеді.

### **Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев қаржылық тұрақтылықтың негізгі міндеттері туралы айтып берді**

Қаржылық тұрақтылық ретінде халыққа және ұйымдарға сапалы қаржылық қызметтердің, қаржы секторының жұмыс істеп тұруын ақтайтын қызметтердің тұрақты көрсетілуі түсініледі. Банктер салымшылардың жинақ ақшаларын инвестицияға жібереді, көрсетілетін төлем қызметтерін жүзеге асырады. Сақтандыру компаниялары тәуекелді қайта бөледі және реттейді. Брокерлер мен басқарушы компаниялар халыққа қаржы нарығының құралдары арқылы нақты компанияларға инвестициялауға мүмкіндік береді. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында өткен Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы 2015-2017 жылдардағы есептің таныстыруында айтты.

Ол қаржылық тұрақтылықтың міндеті банк дефолтының тәуекелін болдырмау немесе барынша азайту болып табылмайтынын атап өтті. «Міндет жүйелік тәуекелдерді және қаржы жүйесінің негізгі қаржылық қызметтерді көрсету қабілетін барынша азайтуы мүмкін жалпы тәуекелдерді анықтаудан және аталған тәуекелдерді төмендету үшін іс-қимылдарды қабылдаудан тұрады. Жүйенің орнықтылығын арттыру жөніндегі реттеушінің іс-қимылы оның нақты секторға қызмет көрсету қабілетін бұзбас үшін тиімді болуға тиіс», - деді Д. Ақышев.

Оның айтуы бойынша, нарықтық тәртіп пен пәрменді қадағалау тетіктерінсіз қаржы ұйымдары өздеріне шамадан тыс, ақталмайтын тәуекелдер қабылдауға, қоғамдық міндеттерге сәйкес келмейтін шешімдер қабылдауға бейім болады. Бұл борыштық тетікті асыра сілтеуге әкеп соғады. Берешектің өсуі сұранысты уақытша ұлғайтуға мүмкіндік береді, бірақ, сонымен қатар жүйенің орнықтылығының жойылуына, қаржы дағдарысына, еңбек пен капиталды өнімсіз пайдалануға, экономикалық құн мен қоғамдық ресурстардың жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

Бұл жағдай экономика деңгейінде орын алмауы үшін, Ұлттық Банк макропруденциялық құралдарды қолданады және макроэкономикалық тәуекелдерді ескере отырып ақша-кредит саясатын жүргізеді.

«Ұлттық Банк нарықта дәрменсіз банктердің болуына жол бермеу, жауапсыз банктерге салымшылардың ақшасын тәуекелге ұшыратуына мүмкіндік бермеу үшін банктерге қадағалау шараларын қолдануға тиіс. Біз бұл бағытта осындай нашар банктерді уақытында анықтауға, оларды қалыпты банк жүйесінен оқшаулауға мүмкіндік болу үшін микропруденциялық реформаны жүргізудеміз. Бізге бұл үшін реттеуші ретінде қадағалап пайымдауға құқығымыз болуы қажет, сондай-ақ кредит тәуекелінің статистикалық дәйекті үлгісін жасау және пайымдауымыздың негізделген және дәлелді болуы үшін деректерге қол жеткізуіміз қажет», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Ол жаһандық қаржы дағдарысы бүкіл әлемдегі қаржы реттеушілерінде қалыпты қаржы ұйымдары үшін тәуекелдер тудырмай және ең төмен тәуекелі бар банктік шығындарды салық төлеушінің қалтасына ауыстыра отырып, дәрменсіз қаржы ұйымдарын ретті түрде мәжбүрлеп жабу үшін құралдар мен құқықтық мүмкіндіктер болмағандығын көрсетті деп толықтырды.

«Бұл Есепте талданатындығына және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті элементі болып табылатындығына неғұрлым ашық мысалдар ғана. Алайда, ең бастысы, қаржылық тұрақтылық проблемалық банктерді қорландыру арқылы оларды құтқаруға ғана байланысты емес екендігін күн өткен сайын жақсы түсінеміз. Ол

жауапкершілікті, тәуекелдерді және ақпаратты бөлу үшін жүйе құруды талап етеді, мұндай жүйе болған кезде акционерлер мен білікті кредиторлар банктердің шығындары үшін жауапкершілікте болады, ал реттеу институттары оның ажырамас бөлігі болып табылады», - деп түйіндеді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Ол қорытындылай келе қазіргі кезде Қазақстан Ұлттық Банкі жүзеге асырып жатқан реттеу реформалары өткен жылдары біз тап болған сын қатерлерге жауап беруге мүмкіндік беретіндігін айтты. «Қаржы жүйесі серпінді және үнемі жаңа талаптарға, оның ішінде жаңа реттеу тетігіне икемделіп отырады. Оны болашақтағы сын қатерлерге қарсы тұруына қабілетті ету үшін реттеу режимі мен оны қолданатын адамдар барынша серпінді және бейімделгіш болуға тиіс», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)